Ш Е Ш І М
ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ АТЫНАН

11 сәуір 2025 жыл іс №7119-25-00-2-3114 Астана қаласы

Астана қаласының мамандандырылған ауданаралық экономикалық сотының судьясы Н.С.Нурсапинов оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібімен азаматтық істі қарап

ТАЛАП ҚОЮШЫ:
Қазақстан Республикасының Қорғаныс министрлігінің «47558 әскери бөлімі» Республикалық мемлекеттік мекемесі

ЖАУАПКЕР:
«Орынбасаров» Орынбасаров Марат Тасболатович ЖК

ТАЛАП ҚОЮШЫНЫҢ ТАЛАБЫ:
Мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысушысы ретінде тану және тұрақсыздық айыппұлды өндіру туралы

ҚАРАР БӨЛІГІ:

Қазақстан Республикасының Азаматтық процестік кодексінің 223-226 баптарын басшылыққа ала отырып, **сот**

ШЕШІМ ЕТТІ:

Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрлігінің «47558 әскери бөлімі» Республикалық мемлекеттік мекемесінің жауапкер «Орынбасаров» Орынбасаров Марат Тасболатович ЖК мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысушысы ретінде тану туралы талап арызы қанағаттандырылсын.

«Орынбасаров» Орынбасаров Марат Тасболатович ЖК мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысушысы ретінде танылсын.

«Орынбасаров» Орынбасаров Марат Тасболатович ЖК-нен мемлекет пайдасына 2907 (екі мың тоғыз жүз жеті) теңге тұрақсыздық айыппұлы және 2054 (екі мың елу төрт) теңге мемлекеттік баж өндірілсін.

Жауапкер оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібімен шешім шығарған сотқа сот шешімінің көшірмелерін алған күннен бастап бес жұмыс күні ішінде осы шешімнің күшін жою туралы арыз беруге құқылы. Арыз, егер жауапкер талап қоюдың келіп түскені және оның оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу

тәртібімен қаралатыны туралы тиісті түрде хабарландырылмаған және шешімнің мазмұнына әсер ете алатын пікірді, сондай-ақ дәлелдемелерді ұсына алмаған жағдайда беріледі.

Шешімге – осы шешімнің күшін жою туралы арыз беру мерзімі өткеннен кейін, ал егер арыз берілген жағдайда, сот осы арызды қанағаттандырудан бас тарту туралы ұйғарым шығарғаннан кейін бір ай мерзімде апелляциялық шағым берілуі, прокурор апелляциялық өтінішхат келтіруі мүмкін.

Судья **Н.С.Нурсапинов**

Құжатқа қол қойылған: Нурсапинов Н. С., 11.04.2025

Заңды күшіне енген күні: 19.05.2025, судья Нурсапинов Н. С., 19.05.2025